Етістікке байланысты жаттығулар

Етістіктің болымсыз түрі. (Отрицательная форма глагола.)

Отрицательная форма глагола образуется путем присоединения к исходной форме суффиксов -ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе. Фонетические варианты суффиксов определяются законами сингармонизма, отрицательные суффиксы пишутся вместе с тем словом, к которому относятся.

Основа оканчивается на	Отрицательная форма повелительного наклонения
Дауысты (гласные) Үнді (Сонорные) р, л, й	**-ма/-ме**
Оқы - читай Сөйле - говори Отыр - сиди Ал - бери Қой - положи	Оқы+ма - не читай Сөйле+ме - не разговаривай Отыр+ма - не сиди Ал+ма - не бери Қой+ма - не клади

1-жаттығу. Етістіктің болымды және болымсыз түрін жасаңыз.

Үлгі: Оқу (читать) – оқы (читай) – оқы+ма (не читай).

Оқу, көру (видеть), қою (класть), қарау, алу, беру, әкелу, бару, салу (положить), ойнау (играть), ойлау (думать).

Основа оканчивается на	Отрицательная форма повелительного наклонения
Ұяң дауыссыз (звонкие согласные) (кроме б, в, г, д) Үнді дауыссыз (сонорные сог-е) м, н, ң	**-ба/-бе**
Жаз – пиши Сен – верь Көн – повинуйся	Жаз+ба – не пиши Сен+бе – не верь Көн+бе – не повинуйся

2-жаттығу. Етістіктің болымды және болымсыз түрін жасаңыз (Образуйте утвердительную и отрицательную форму глаголов).

Үлгі: төзу (терпеть) – төз (терпи) – төз+бе (не терпи).

Жану (гореть), озу (обогнать), жеңу (победить), созу (тянуть), сөну (гаснуть), сезу (чувствовать), таңу (завязывать), тоңу (мерзнуть).

Основаоканчиваетсяна	Отрицательная форма повелительного наклонения
Қатаң дауыссыз (глухие согласные) Ұяң дауыссыз (звонкие б, в, г, д)	-па\-пе
Айт – скажи Аш – открой Көш – переезжай	Айт+па – не говори Аш+па – не открывай Көш+пе – не переезжай

3-жаттығу. Етістіктің болымды және болымсыз түрін жасаңыз (Образуйте утвердительную и отрицательную форму глаголов).

Үлгі: ашу (открывать) – аш (открой) – аш+па (не открывай).

Кесу (резать), кету (уходить), қашу (убегать), жату (лежать), жету (достигнуть), басу (давить), төгу (выливать), қосу (прибавить), көшу (переезжать).

4-жаттығу. Төмендегі етістіктерден ауыспалы осы келер-шақ (переходное настоящее-будущее время) жасап, орыс тіліне аударыңыз.

Тыңдау, билеу, құлау, мейрамдау, сөйлеу, байлау, қалау, есептеу, зерттеу, істеу, ойлау, тоқтау, ойнау, орау, байқау, қарау, босау, тазалау, санау, деу, орындау, жеу, төлеу, жинау, сайлау, іздеу, дайындау, әзірлеу, белгілеу, қабылдау, аяқтау, жасау, құттықтау, бағалау..

Кесте – Ауыспалы келер шақ

Жекеше түрі	Көпше түрі
Мен жаз-а-мын «Я пишу»	Біз жаз-а-мыз «Мы пишем»
Сен жаз-а-сың «Ты пишешь»	Сендер жаз-а-сыңдар «Вы пишите»
Сіз жаз-а-сыз «Вы пишете»	Сіздер жаз-а-сыздар «Вы пишете»
Ол жаз-а-ды «Он (она) пишет»	Олар жаз-а-ды «Они пишут»

5-жаттығу. Қазақ тіліне жазбаша аударыңыз.

1. Я встаю рано. 2. Студенты сегодня сдают экзамен. 3. Завтра мы идем в кино. 4. Я сегодня вечером иду в гости. 5. В следующее воскресенье займемся уборкой. 6. Ляззат очень хорошо танцует. 7. В этом году Гаухар прекрасно учится. 8. В этом месяце Кайрат много работает. 9. Айжан кормит ребенка. 10. В этом году родители отдыхают в деревне. 11. К нам на следующий год приедут родственники из России. 12. Арман всегда служит примером для других. 13. В следующий раз я прочитаю много книг. 14. В этот раз мы пишем сочинение. 15. Послезавтра мы отметим день рождения моей мамы. 16. Ваши родственники не живут в Алмате, мои живут.

Кесте – Ауыспалы келер шақ, болымсыз түрі

Жекеше түрі	Көпше түрі
Мен жаз-ба-й-мын «Я не пишу»	Біз жаз-ба-й-мыз «Мы не пишем»
Сен жаз-ба-й-сың «Ты не пишешь» Сіз жаз-ба-й-сыз «Вы не пишете»	Сендер жаз-ба-й-сыңдар «Вы не пишете» Сіздер жаз-ба-й-сыздар «Вы не пишете»
Ол жаз-ба-й-ды «Он не пишет»	Олар жаз-ба-й-ды «Они не пишут»

6–жаттығу. Берілген етістіктерді жедел өткен шаққа қойыңыз, есте сақтаңыз. (Поставьте данные глаголы в очевидном прошедшем времени, запомните их).

Болу (быть), тұру (вставать), жазу (писать), оқу, оқы (учиться, читать), жату (лежать), бару (пойти), келу (прийти), ашу (открывать), жабу (закрывать), айту (сказать), сөйлеу (говорить), сөйлесу (разговаривать), әкелу (приносить), апару (относить), білу (знать), танысу (знакомиться), сәлемдесу (здоро-ваться), жұмыс істеу (работать), қайталау (повторять), тыңдау (слушать), болу (быть, находиться), түсіну (понимать), үйлену (жениться), тұрмысқа шығу (выходить замуж), ажырасу (разводиться), туу (родиться, родить), отыру (сидеть), жүру (ходить).

7–жаттығу. Етістіктің шақтарын анықтаңыз.

Бардық, келесің, бара алмаймын, жүреміз, тыңдамай отырмын, жазар, санамақпын, есептемепті, тыңдап отыр, ұйықтап жатыр.

8–жаттығу. Дара етістіктен күрделі етістік жасаңыз.

Бар, ал, жаз, сөйле, ұйықта, тыңда, оқы, кел, іш, шық, қара